

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНА ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ

Нұрғалиева Наргиз Нұрмұханқызы

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»

кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Посткеңестік Орталық Азияда Қытай жаһандық рөлінің жалпы артуы нәтижесінде ең ықпалды ойыншылардың біріне айналууда. Қытай Орталық Азияның бес мемлекетімен: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен қарым-қатынасты құруға және нығайтуға тырысады. Бастапқыда оның саяси және дипломатиялық қызметінің негізгі бағыты даулы шекаралардың кеңестік мұрасын реттеу болған, кейінірек Орталық Азиямен байланысы аймақтағы кең экономикалық мүдделер мен қауіпсіздік мүдделерін қорғауға деген ұмтылысты көрсете бастады. Бүгінгі таңда автомобиль және темір жолдардың, әуе қатынастарының, мұнай және газ құбырларының едәуір желісі Қытайды Орталық Азиямен байланыстырады[1]. 2012 жылы аймақтың бес мемлекетімен 46 миллиард долларға жуық сауда жасай отырып, Қытай аймақтағы ең көрнекті экономикалық субъект және шетелдік инвестициялардың негізгі көзі болды. Қытай 1992 жылы Орталық Азияның бес мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатқаннан бері оның аймақпен жалпы саудасы 100 есе өсті.[2]

Түрікменстаннан Қытайға Орталық Азия газ құбыры, Қазақстаннан Қытайға Атырау-Алашанькоу мұнай құбыры, Өзбекстандағы Энергетикалық көлік пен байланысқа елеулі инвестициялар, Тәжікстанда жаңа жолдар мен туннельдер салу сияқты энергетикаға, табиғи ресурстар мен шикізат тауарларына үлкен қаржыландыру және тікелей шетелдік инвестициялар, ал Қырғызстан мен Қытай арасындағы жол қатынастарының кеңеюі көптеген тақырыптарды тудырады. Тәжікстан сияқты кредит тапшылығына тап болған Орталық Азия елдеріне төмен пайыздық кредиттер беру де аса маңызды ерекшелік болып табылады. 2012 жылдың маусымында Қытайдың бұрынғы президенті Ху Цзиньтао жариялаған, Пекин Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттерге 10 миллиард доллар несие ұсынады[3].

Орталық Азия сонымен қатар Қытай тауарларының өсіп келе жатқан нарығын білдіреді. Экономикалық өзара әрекеттесуден басқа, аймақ Қытаймен саяси, дипломатиялық және мәдени байланыстардың өсуін бастан өткерді. Аймақтың барлық бес елі Қытаймен стратегиялық келісімдерге қол қойды. Қазіргі уақытта Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанда тілдік курстар мен мәдени бағдарламаларды ұсынатын Конфуций институттары бар [4]. ШЫҰ желілік университеті 2010 жылы білім беру және тұлғааралық алмасу саласындағы ынтымақтастық үшін жаңа платформа ретінде құрылды [5].


2013 жылғы қыркүйекте ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың дамуына жаңа серпін беру үшін "Жібек жолының экономикалық белдеуі" бастамасын құруды ұсынды, оған Орталық Азия елдері ынтымақтастығымен үн қосып, белсенді қатысты. Қытай мен Орталық Азия елдерінің тоғысуы жақсы нәтижелерге қол жеткізді, тетіктер, сауда және инвестициялар, қаржы, өндірістік қуаттар, гуманитарлық ғылымдар және т. б. салаларда үлкен жетістіктерге жетті. Тәжірибе "Белдеу және жол" бастамасы Орталық Азия елдерінің даму әлеуетін тиімді іске қосқанын, ресурстардың өңірлік интеграциясына ықпал еткенін және өзара тиімділік пен өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін Орталық Азия елдерінің экономикалық трансформациясына ықпал еткенін көрсетті.

"Белдеу және жол" бастамасы ұсынылған сәттен бастап Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы инвестициялық және сауда ынтымақтастығы жаңа кезеңге өтті. Қытай

Орталық Азияның көптеген елдеріндегі ірі сауда серіктесі және тікелей шетелдік инвестициялардың ірі көзіне айналды, бұл Орталық Азия елдерінің экономикалық қалпына келуін қатты қолдады. 2014-2018 жылдары Орталық Азия елдері валютасының экономикалық құлдырауы мен күнсыздануы олардың Қытаймен екіжақты сауда-саттық көлемінің қысқаруына алып келді. Дәстүрлі негізгі импорттық және экспорттық тауарлар (мұнай, табиғи газ, мақта, пайдалы қазбалар, ауыл шаруашылығы өнімдері және т.б.) саудасының көлемі ұлғайды.

Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы энергетикалық ынтымақтастықты тиімді кеңейту өзара тиімділік пен жеңіске жету жағдайына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қытай жаңа энергия көздеріне ие болды және энергия тасымалдаушылардың импортын әртараптандыруға кепілдік беріп отыр, ал Орталық Азия елдері қытайлық инвестицияларға, технологияларға және үлкен және тұрақты энергетикалық нарыққа қол жеткізіп отыр.

Қазірде COVID-19 әлемдік денсаулық сақтау және әлемдік экономика үшін проблемаға айналды. Орталық Азияда бүкіл әлем бойынша карантиндер енгізу және негізгі сауда серіктесі – Қытайда өндірістің ерте қысқаруы табиғи ресурстардың экспортынан, жалпы сауда айналымынан түсетін кірістердің төмендеуіне, еңбек мигранттарының ақша аударымдарының төмендеуіне, бейресми секторда және қызмет көрсету саласындағы шағын және орта бизнесте жұмыс істейтін көптеген адамдардың кірістерінің жоғалуына әкелді. COVID-19 Орталық Азия елдерінің Қытай арасындағы саудаға үлкен әсер етті. Оны біз 1-кесте байқауымызға болады.



Кесте-1

Қытаймен сауда: Қытайдың ОА елдеріне экспорты және осы елдерден импорт.

% өзгеріс 2019 жылғы қаңтар-наурызға қарай.

(Дереккөз: "InterConsult Info" компаниясы Орталық Азиядағы экономика және COVID-19 мәліметтері алынды. <https://wfin.kz/publikatsii/prognozy/36144-ekonomika-i-covid-19-v-tsentralnoj-azii.html>)

Барлық елдерде Қытайдан экспорт пандемияның үш айында төмендеді. Қытайдың Қырғызстанға экспорты бәрінен бұрын екі есеге қысқарды. Қытайдың Өзбекстаннан импорты үштен бірге қысқарды, ал Қазақстаннан, керісінше, 6 %-ға ұлғайды.

Контент анализ

Си Цзиньпин о Қазақстане: Я здесь как дома (8 июня 2017 zakon.kz)

Выступление Председателя КНР Си Цзиньпина в Назарбаев цниверситете 2013/09/16

Интервью Чрезвычайного и Полномочного Посла КНР в РК ЧжанСяо казахстанским СМИ о видео-конференции глав МИД. [17.07.2020]

Интервью с бывшим Послом Китая в Кыргызстане, Латвии, Казахстане, Украине ЯоПейшен. [20.02.2020]

Си Цзиньпин о перспективах и расширении кыргызско-китайского сотрудничества [13.06.2019]

Си Цзиньпин провел телефонный разговор с президентом Таджикистана Э. Рахмоном 17.06.2020

Си Цзиньпин выразил готовность укреплять китайско-таджикские отношения
Визит Президент Узбекистана Шавката Мирзиёева в Китай [15.05.17]

В Астане состоялась встреча председателя КНР Си Цзиньпина с президентом Туркменистана Г.Бердымухамедовым [10.06.2017]

Телефонный разговор с Председателем КНР Си Цзиньпином [24.04.2020]

Что сказал Касым-Жомарт Токаев в интервью китайскому телеканалу? [10.09.2019]

КНР, Китай, Си Циньпин	180
Дружба, сотрудничество	87
РК, Казахстан	54
Шелковый путь, ОПОП	36
Экономика, инвестиции	33
ЦА	27
Эпидемия, Covid-19	21
Безопасность	20
Политика	19

2-Кесте (Дереккөз: автормен құрастырылған)

Талдау контентін қорытындылай келе, Қытай Орталық Азия елдерімен түрлі салалармен белсенді ынтымақтастықты сақтауда және оны дамытуда. Мұны экономикалық, саяси және қауіпсіздік салаларынан байқауға болады. Қытайдың басты құралы ретінде ББЖ көре аламыз.

Қытайдың Орталық Азиядағы беделін Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Қытай Компартиясының саясаты бұзды. Мұсылмандарды қудалау халықтың діни топтарының наразылығын тудырады. Олардың пікірінше, қытайлар бүкіл мұсылман және түркі халықтарында тек терроризм мен экстремизмнің қайнар көзін көреді. Сондай-ақ, Қытайдың ШҰАА-дағы ұлттық мәселесінен басқа, ҚХР үшін Тибет мәселесі, Гонконг мәселесі және Тайвань мәселесі бар. Бұл елдерде Қытайға қарсы көңіл-күй көрініс табады, ал бұл ҚХР имиджін нашарлатады және басқа елдермен, мысалы, Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықта көрініс табуы мүмкін. Біз білетініміздей, Орталық Азия елдерін мұсылмандар тарапын құрайды және СУАР мәселесі оларға наразылық тудырады.

ИВЕНТ ТАЛДАУ

Субъект	Сюжет	Объект	Уақыт
Тибет	Физикалық. Тәуелсіздік үшін күрес. Машиналар мен дүкендердің қиратылуы және өртенілуі.	Толқуларды Қытай үкіметі басты. Толқушылар 10-нан астам адамды өлтіріп, тағы 61 адамды (құқық қорғау органдарының өкілдерін қоса) жарақаттады. Шабуылдардан 214 дүкен зардап шекті. Болған өрттің төрт ұйымдастырушысы өлім жазасына кесілді, біреуі өмір бойына бас бостандығынан айырылды.	2008 жыл 14 наурыз
Түркия	Физикалық. Қытай үкіметімен күрес	Істамбұлдың орталығында Қытай мейрамханасы тоналды. Түркия астанасы Анкарадағы ашулы топтар Қытай туристеріне шабуыл жасалынды. Бұған жауап ретінде Қытай өз азаматтарына Түркияға барудан бас тартуды ұсынды.	2012 жыл шілде

Тайвань	Физикалық. Қытай үкіметіне қарсы протесттер. Тәуелсіздік үшін күрес.	Тайваньды Қытайдан Тәуелсіздігін ресми түрде жариялауы туралы референдум өткізуге шақырды	2018 жыл 20 қазан
Гонконг	Физикалық, Жаппай демонстрация, Жалпыұлттық наразылық.	экстрадициялау туралы заң жобасын 4 қыркүйек 2019 жылы жойылды.	9 маусым 2019
	Вербальды	Студенттер локализмалық ұйымы құрылуы.	2019 жыл
	Вербальды	Джошуа Вонгтың «Демосисто» ұйымын құруы. Халықты өзінің Твиттер әлеуметтік желісі арқылы митингтерге шақырған.	
АҚШ Еуропа СҰАР	Вербальды	Америка Құрама Штаттары мен Еуропадағы онлайн-премьерадан кейін бірден режиссерлер мыңдаған ұйғыр мұсылмандары түрме лагерлерінде ұсталатын Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы түсірілім орны ретінде таңдалғаны үшін сынға алынды. Әсіресе, көптеген көрермендер фильм түсірушілердің жергілікті билікке, соның ішінде Қытай Коммунистік партиясының аймақтық комитетіне, ҚКП-ның жергілікті үгіт-насихат басқармасына және Турфан қалалық округінің мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына алғыстарын білдірді. Көптеген әлеуметтік желі қолданушыларының пікірінше, Disney Қытай билігімен ынтымақтаса отырып, ұйғырларға қатысты олардың репрессиялық саясатын қолдайды.	2019 жыл 4 қыркүйе кте

3-кесте. (Дереккөз:автормен құрастырылған)

Талдау барасында Вербальды және Физикалық күш анықталды. 5 рет Физикалық күш форматымен жүзеге асырылды. Ал Вербальдыкүш 3 рет қолданылды. Мұндай сандарды көріп, көптеген елдер Қытайға өте дұшпандықпен қарайды деп айтуға болады. Қазір Қытайға қарсы көңіл-күй дамып жатыр, бұл қытай билігінің шешімімен байланысты үрбіп отыр.

Қорытындылай келсек, зерттеу нәтижелері бойынша Орталық Азия елдері әртүрлі салалардағы стратегиялық маңызды серіктес болып табылады деп айтуға болады. Біріншіден, Қытай үшін бұл аймақ Еуропаға сауда-экономикалық экспансия үшін платформа болып табылады, өйткені ол Орталық Азия аумақтарын экономикалық дәліздер құру үшін пайдаланады, бұл өз кезегінде болашақта Қытай үшін қазіргі экономикалық қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ОА несиелер мен инвестициялардың орнына ҚХР-ға қажетті энергия ресурстары мен шикізат көзі бола алады. Үшіншіден, ШЫҰ белсенділігінің төмендеуіне қарамастан, ұйым Қытай үшін Батыс шекараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы және мәдени ықпалдың таралу факторы болып қала береді.

Экономикалық мүдделерге, әсіресе ресурстық қауіпсіздікке деген ұмтылысқа және Шыңжаң аймағында тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауға деген ұмтылысқа сүйене отырып, Қытайдың Орталық Азиямен маңызды қарым-қатынасы Ресей, Еуропа және АҚШ-тың ықпалы мен мүдделері жиі кездесетін аймақта "жаңа үлкен ойын" деп аталады. Қытайдың Орталық Азияға экономикалық қатысуы кеңейе түскен сайын, оның Ресей мен батыс елдеріне қатысты аймақтағы салыстырмалы әсері онымен бірге өсуде. Қытайдың экономикалық серпіні мен экспансиясы Қытайға, сондай-ақ қытай саудасы мен инвестицияларының ұлғаюы өсудің катализаторы болып табылатын Орталық Азия мемлекеттеріне пайда әкелетін "жеңіске жету" келісіміне айналуы мүмкін екендігінде күмән жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жібек жолының жаңа даңқына орай, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің премьер-министрі Жоғары Мәртебелі Вэнь Цзябаоның Қытай-Еуразиялық экономикалық даму форумында "Қытай-Еуразия Экспо" екінші көрмесінің ашылуында сөйлеген сөзі, Үрімші, 2012 жылғы 2 қыркүйек.

2 Xinhua, Xi proposes a 'new Silk Road' with Central Asia, 8 September 2013, / [Электрондық ресурс] URL: www.chinadaily.com.cn/sunday/2013-09/08/content_16952160.htm

3 Председатель КНР Ху Цзиньтао заявил в четверг, что Пекин предложит государствам-членам Шанхайской организации сотрудничества кредиты в размере 10 млрд долларов США/ [Электрондық ресурс] URL: www.reuters.com/article/2012/06/07/us-china-scoloansidUSBRE85602920120607

4 Конфуций институттары, [Электрондық ресурс] URL: <http://confuciusinstitute.unl.edu/institutes.shtml>

5 Центральный веб-портал Шанхайской организации сотрудничества, университетский проект ШОС. / [Электрондық ресурс] URL: <http://infoshos.ru/en/?idn=8338>